



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

## Түркістан облыстық ардагерлер кеңесінің үндеуі

# Парасаттылықпен пайымдайық!

Ардақты отандастар!

Елімізде орын алған жағдайларға байланысты Түркістан облысының ардагерлері барша қазақстандықтарды парасаттылықпен пайымдай білуге, қай-қандай қадамдар жасауда да сабырлылық, тектілік танытуға шақырады.

Мемлекет басшысы «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында «Біз әділетті қоғам мен тиімді мемлекет құруды көздеп отырмыз. Кез келген істе әділдік қағидатын басшылыққа алсақ, бұған анық қол жеткіземіз. Мысалы, тұрғындардың тұрмысын жақсарту түспесек, еліміздің жетістіктері мен халықаралық табыстарын мақтан ету артық. Азаматтарымыз экономикалық өсімнің игілігін сезіне алмаса, одан еш қайыр жоқ. Мен әрбір шешімді қабылдау сәтте осы ұстанымды басшылыққа аламын» деп жазған еді. Осы бағытта көптеген шаралар атқарылып та жатыр. Өкінішке қарай, кейбір салалардағы асыра сілтеушілердің салдарынан кешегідей жағдайларға жол берілді.

Ел Президентінің Үндеуі жарияланып, тиісті жұмыстар атқарылуда. Үкімет отставкаға кетті. Жаңа тағайындаулар болып жатыр. Газ саласындағы қателіктерге байланысты сотқа дейінгі тергеулер басталды. Кейбір қалалар мен өңірлерде төтенше жағдай жарияланды. Осының бәріне

терең түсіністікпен, салмақты да салиқалы сабырмен қарауға тиіспіз. Қай-қайсымыз да елдің, мемлекеттің, ұлттың, ұрпақтың бүгінгі тағдыры мен ертеңгі қамы, келешегі жолындағы жоғары жауапкершілікті иығымызға артып, арандатушылықтарға ермей, қайта тойтарыс беруге міндеттіміз.

Ата-бабаларамыздың мәңгілік аманаты- елдікті, бірлік пен ынтымақты көздің қарашығындай сақтау. Тәуелсіздіктің тұғыры да-тыныштық пен тұрақтылық.

Көшеге шығып, дүрлігіп, әулекіленген арандатушылардың айтақтарына алдану-Тәуелсіздікке қатерлі қауіп. Нендей орынды талаптарды да мәдениетті шерулер арқылы-ақ жеткізіп, орындауға әсер етуге болады. Ал, біздегі шерулер шектен шығып, заңсыздыққа, бұзақылыққа, қылмысқа бастап кететіні неліктен? Әрине арандатушылықтан. Мұндайдың арты, бәрібір қарапайым халыққа зиян келтіріп, орны толмас залал- зардаптарға ұрындыратынын ұмытпайық!

Тыныштық қадірін қастерлей білейік!

Тәуелсіздігіміз мәңгілік болсын!

**Үндеу Түркістан облыстық ардагерлер кеңесінің алқа мәжілісінде қабылданды. 2022 жыл 5 қаңтар.**

# АРАНДАТУШЫЛАР БІЗГЕ ДОС ЕМЕС!

Елдегі жағдай ешкімді де бей-жай қалдырмайды. Қалалы жерлердегі қақтығыстар мен түсініспеушіліктер қарапайым тұрғындарды алаңдатып отыр. Мұны жасап жатқандарды елдің дұшпандары десек болады. Бүлік шықса біраз нәрсе бүлінетіні белгілі. Бұл ойдың үдебарасынан қарапайым халық пен елге шын жаны ашитын адамдар ғана шыға алады. Ал, біз соларды тыңдауымыз керек.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен 2022 жылғы 5 қаңтардан бастап Түркістан облысы бойынша төтенше жағдай жарияланды. Бұл кез келген бұзақылық іс-әрекеттердің алдын алатын бірден-бір қадам. Сондықтан облыс тұрғындары Президент Жарлығына толық бағынуымыз керек.

Тәртіпке бағынғаннан ешкім жаман болмайды. Ал, тәп-тәуір тұрған нәрсені қиратып, елді дүрліктіргендер ешқашан оңбайды. Оларды сол нәрсенің обалы ұрады. Сол үшін әр қадамда ақылмен басып, әр сөзді абайлап айту керек. Рас, әділетсіз қоғамда семіретіндер негізінен арамтамақтар екенін ел біледі. Мұндай кезде солар

сайрандап, солар мәз болады. Біз оларға ермеуіміз керек. Өйткені, ондай бүлікшілер біздің болашағымызға, еліміздің ертеңіне бас қатырмайды. Біз өзіміздің болашағымыздың жарқын болуын ойлауымыз керек. Бала-шағамыздың тыныштығы үшін, олардың амандығы үшін бүгінгі таңда барынша сабырлы болайық. Арандап қалудан абай болуымыз керек. Әсіресе қызу қанды жастарды, оң-солын білмейтін, айтаққа жүретін аңғал адамдарды біреудің қолшоқпары болып кетуден сақтайық. Олардың да амандығын көзі ашық, көкірегі ояу азаматтар сақтауы тиіс. Сонда ғана сырттан анталап тұрған жауға алдыра қоймаспыз. Сонда ғана азғындаған азғантай топтың арам пиғылы жүзеге аспайды.

Тағы да қайталап айтамын, тәп-тәуір тұрған нәрсені бүлдіруден аулақ болайық. Ол біздің өз мүлкіміз, біздің қадірлі мемлекетіміздің мүлкі екенін естен шығармайық.

**Жеңісбек МӘУЛЕНҚҰЛОВ,  
Түркістан облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы.  
«Оңтүстік Қазақстан» газетінен.**



диті кешірілетінін хабарлады.

«Сондай-ақ, банк 2022 жылғы 5-19 қаңтар ТЖ кезеңінде заңды және жеке тұлғаларға кредит бойынша айыппұл және өсімпұл салмайды. Салымшылар қаржысы толық сақталған. ВТБ Банк Қазақстан бойынша жағдай тұрақталып, Интернет желісі толық қосылғанына қарай штаттық режимдегі жұмыс кестесіне ауыса-

## Үш банк қаза болған полицейлер мен әскерилердің несиесін кешіреді

**Қазақстанда тағы үш банк тәртіпсіздіктер кезінде қаза болған полицейлер мен әскерилердің кредитін кешіреді, деп хабарлайды Egemen.kz.**

Бұл туралы Jusan Bank және ВТБ Банк мәлімдеді.

«Jusan Bank терроризмге қарсы операциялар және қоғамдық тәртіпті реттеу кезінде қаза болған әскерилер мен құқық қорғау қызметкерлерінің отбасына қайғыра көңіл айтады. Қаза болған қызметкерлердің банктегі барлық кредиті кешіріледі.

Jusan Bank ТЖ жағдайында банк және мобильді қосымша жұмысындағы ірікілістерге байланысты клиенттер төлеміне айыппұл және өсімпұл салу тоқтатылатынын хабарлайды.

Jusan Bank-тың барлық ішкі жүйесі жұмыс істеп тұр. Банк жұмысы кезең-кезеңімен қосылады. Қазіргі уақытта Қазақстан бойынша банкомат жүйесі толық жұмыс істеп тұр. Мобильді қызмет іске қосылған», деді банк өкілдері.

ВТБ Банк қаза болған әскерилер мен полицейлер отбасына көңіл айтып, олардың барлық кре-

ды», деді компания өкілі.

Альфа-Банк баспасөз қызметі де қаза болған полицейлер мен әскерилер отбасының кредиті кешірілетінін мәлімдеді.

«Альфа-Банк Қазақстан қызметтік міндетін атқару кезінде қаза болған полицейлер мен әскерилер отбасының кредитін кешіреді», деді Альфа-Банк бас директоры Андрей Тимченко.

Еске салайық, бұған дейін банк 2022 жылғы 5-19 қаңтар ТЖ кезеңінде заңды және жеке тұлғаларға кредит және Alfa Black картасы бойынша төлем мерзімі өтіп кетуіне байланысты айыппұл және өсімпұл есептелмейтінін хабарлаған болатын.

Бұған дейін Halyk Bank жаппай тәртіпсіздік кезінде қаза болған құқық қорғау қызметкерлері отбасына 5 миллион теңгеден беретінін хабарлаған болатын. Ал «ЦентрКредит» қаза болғандар отбасына миллион теңгеден береді. Сондай-ақ, Евразийский банк те қаза болғандар кредитін кешіретінін хабарлаған еді.

**«Егемен Қазақстан» газетінен.**

## ҰҚШҰ әскері елден қашан шығарылатыны айтылды



Ұжымдық қауіпсіздік келісім туралы шарт ұйымының әскері бір аптаның айналысында елден қайтады. Бұл туралы ҚР Президентінің баспасөз хатшысы Берік Уәли «Хабар 24» телеарнасына берген сұхбатында айтты.

«Ұжымдық қауіпсіздік келісім туралы шарт ұйымынан кірген күштің негізгі миссиясы - елімізде стратегиялық нысандарды күзету. Тағы қайталап айтамын, стратегиялық нысандарды Ұжымдық қауіпсіздік келісім туралы шарт ұйымының әскері қорғағандықтан, біздің қарулы күштеріміздің, Ұлттық ұланның әскерлері террористер көп шоғырланған Алматы қаласы, Алматы об-

лысы және басқа да өңірлерде солардың көзін жоюға еркін мүмкіндік алды. Яғни, біздің стратегиялық нысандарды Ұжымдық қауіпсіздік келісім туралы шарт ұйымының әскері қорғайды да, өзіміздің әскерилер барлық террористердің көзін жоюға әрекеттенді. Бұл бізге үлкен көмек болды», деді Мемлекет басшысының баспасөз хатшысы.

Оның айтуынша жалпы жағдай тұрақталған соң, ҰҚШҰ елдері әскерлерінің миссиясы аяқталатынын айтты.

«Олардың ешқайсысы қалмайды. Бірден өз елдеріне кетеді. Ұжымдық қауіпсіздік келісім туралы шарт ұйымы деген жалғыз Ресей ғана емес, өздерінің білесіздер. Биыл төрағалық етіп отырған Армения бар, Беларусь, Тәжікстан бар. Бұл әскердің бәрі көп тұрақтамайды. Ары кетсе бір апта көлемінде кетеді. Мүмкін, оған да жетпейді. Бәрі қайтарылады. Оның үстіне қазір біліп отырсыздар, жағдай тұрақталып келе жатыр», деді Берік Уәли.

**«Егемен Қазақстан» газетінен.**

**Өткен 2021 жылы әлемді шарпыған коронавирус пандемиясы кезеңінде ауданның экономикасының салаларында оңды жетістіктер болып халықтың тұрмыс жағдайын жақсартуға бағытталған тиімді іс-шаралар іске асырылды.**

## БЮДЖЕТ

2021 жылы жергілікті бюджетке 15 млрд. 893 млн. 484 мың теңге қаржы түсіп, жоспар 100,4 пайызға немесе 66 млн. 922 мың теңгеге артығымен орындалды. Оның ішінде өзіндік кірістер 4 млрд. 292 млн. 31 мың теңге немесе өзіндік кірістің үлесі 27% құрайды. Трансферттер барлығы 11 млрд. 601 млн. 453 мың теңге, оның ішінде: нысаналы даму трансферті 2 млрд. 343 млн. 134 мың теңге.



бас қой-ешкі, 22 618 бас жылқы, 14 489 бас түйе, 32 493 бас құс өсірілуде. 2020 жылмен салыстырғанда мүйізді ірі қара 105 пайызға (33 603 бас), қой-ешкі 100,7 пайызға (291 794 бас), жылқы 113,8 пайызға (19 880 бас), түйе 109,7 пайызға (13 210 бас), құстар 138,1 пайызға (23 531 басты) өсті.

Сондай-ақ, 11 305,2 тн ет (сойыс салмақта), 15 193 тн сүт, 2020 жылмен салыстырғанда ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру көлемі ет 101,3 пайызға, сүт 101,5 пайызға орындалды.

«Сыбаға» бағдарламасы бойынша мүйізді ірі қара аналығын тұқымдық түрлендіруге тарту мақсатында барлығы 40 бас асыл тұқымды бұқалар сатып әкелініп, 2743 бас мүйізді ірі қара аналығы тұқымдық түрлендіруге тартылды.

Қарақұр ауыл округінен жеке кәсіпкер Жасұлан Омарбек 70 млн.теңге өз қаржысына Ресей Фе-

# Аудан әкімінің атқарған жұмыстары мен алда тұрған міндеттері туралы есебі

## Аудан әкімі С.С.Полатовтың 2021 жылы атқарылған жұмыстарының есебі

Бюджеттің шығыс бөлігі 16 млрд. 229 млн. 29 мың теңгені құрап, 100 пайызға игерілді.

### ЖАЛПЫ ӨҢІРЛІК ӨНІМ, ИНВЕСТИЦИЯ

2021 жылдың 11 айының қорытындысымен ауданда 376 млрд. 373 млн. теңгенің жалпы өңірлік өнімі өндіріліп, 2020 жылмен салыстырғанда 133,7 пайызға немесе 94 млрд. 763,7 млн. теңгеге артты.

Аудан экономикасына 41 млрд. 341,3 млн. теңге инвестиция тартылды.

### АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫ

2021 жылдың 11 ай қорытындысымен ауыл шаруашылығы саласындағы жалпы өнім көлемі 16 млрд. 216,3 млн теңге болып, өткен 2020 жылдың осы мерзімімен салыстырғанда 3 млрд.166,6 млн теңгеге артты.

Ауыл шаруашылығының негізгі капиталына 320 млн.теңге инвестиция тарту мөжеленсе, 11 айда 292,4 млн теңге инвестиция тартылды.

Аудан бойынша 2021 жылы 13

210 га егістік жер игеру тапсырмасы берілсе, 13912 га алқапқа егіс егілді. Оның ішінде: 460 га бидай, 1609 га арпа, 1129 га мақсары, 882 га жүгері, 505 га картоп, 490 га көкөніс, 481 га бақша, 8356 мал азық дақылдары.

Көктемгі дала жұмыстарына 325 тонна жанар-жағар май 158 теңгеден жеңілдікпен бөлініп, 66,9 тоннасы алынды.

Күзгі дала жұмыстарына 455 тонна жанар-жағар май 171-189 теңге аралығында жеңілдікпен бөлініп, 114,6 тоннасы алынды.

Сондай-ақ, егіс көлемін арттыру мақсатында Созақ ауыл округіндегі «Суындық» каналын күрделі жөндеу жұмыстарына облыстық бюджеттен 143 млн.теңге қаржы бөлініп, 3704 лоток ауыстырылып, 13 шлюз қойылып, пайдалануға берілді.

Облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес, «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасына қатысушыларға жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік гранттар беру қағидалары» бойынша жеке қосалқы шаруашылықтарда үй іргелік жерлерін дамыту бойынша 52 азамат 28 млн.891 мың теңге грант қаржысын алып, өздерінің үй іргелік жерлеріне тамшылатып суару қондырғыларын орнатып, 5,2 гектар аумаққа көкөніс,

бақша дақылдарын екті.

Сонымен қатар, Созақ ауыл округінен «Болыс ата» шаруа қожалығы 143 тонна бақша (қарбыз) дақылдарын Ресей Федерациясының Уфа қаласына экспорттады.

Сондай-ақ, Созақ ауыл округінен «Болыс ата» шаруа қожалығы, Сызған ауыл округінен «Баршакөк» шаруа қожалықтары ағын суды үнемдеу мақсатында 30 га аумаққа жаңбырлатып суару қондырғысын 9 млн.теңгеге сатып алып орнатып, оның 4,5 млн.теңгесі инвестициялық субсидия есебінен шаруаларға қайтарылды.

Шолақорған, Созақ, Жуантөбе, Жартытөбе ауылдық округтері мен Таукент кент әкімдігіндегі шаруалар 25 дана жаңа ауыл шаруашылығы техникаларын сатып алды.

2021 жылдың 11 айында ауыл шаруашылығы саласына, -мал шаруашылығы саласы бойынша 45 агроқұрылым 48842,5 млн, ауыл шаруашылығы техникалары бойынша 25 агроқұрылым жалпы құны 123 883,2 млн.теңгеге техника алып, оған 26 882,9 млн, жайылымдарды суландыру мақсатында жалпы құны 1 703 471 млн.теңгеге 74 құдық қазылып 847 640,5 млн.теңге, барлығы 923 365,9 млн.теңге көлемінде субсидия ретінде мемлекеттік қолдаулар жасалды.

Аудандағы барлық санатта 35 277 бас мүйізді ірі қара, 293 936

дерациясының Алтай өңірінен 250 бас «Калмык» асыл тұқымды мүйізді ірі қара аналығын сатып алды.

Облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес, 1700 бас түйе аналығын сатып алу межесі белгіленіп, азаматтардың өз қаражаты есебінен 885 бас түйе аналығы және қойдың 1230 аналық басы несиелендіру жолымен сатып алынды.

Агроөнеркәсіп кешен субъектілерін 780 млн.теңгеге несиелендіру жоспары берілсе, қаржы ұйымдары арқылы 1 млрд. 144,9 млн.теңге несие алып, жоспар 147 пайызға орындалды.

### КӘСІПКЕРЛІК САЛАСЫ


Аудан көлемінде 405 жаңа кәсіпкерлік субъектілері ашылып, кәсіпкерлік субъектілерінің жалпы саны 3 362-ге жетті.

Кәсіпкерлік саласында өткен 2021 жылдың II-тоқсанда 11 млрд. 375 млн.теңгенің өнімі өндіріліп, өткен 2020 жылдың есепті кезеңімен салыстырғанда 103,7% өсті.

Жобаларды қаржыландыру бойынша «Ырыс» МҚҰ арқылы 25 жобаға жалпы сомасы 90,9 млн. теңге;

«Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ Оңтүстік Қазақстан филиалы арқылы 57 жобаға 204,3 млн. теңге;

(Жалғасы 3-4 беттерде).



«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ ТОО бойынша филиалы арқылы жалпы сомасы 8 жобаға 64,0 млн. теңге, барлығы 65 жобаға 268,3 млн. теңге несие берілді.

Кәсіпкерлік қызметке баулу, микрокредит алуға қол жетімділікті арттыру мақсатында «Бизнес Бастау» жобасы бойынша 180 адам, оқытылып, 174 адам сертификаттарын қорғады. Оның ішінде 70 адам 653 млн.теңге грант иегері атанды.

«Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы бойынша 1 жобаға («Дархан-Ас» ӨК) жалпы сомасы 22 млн. теңге несие берілді.

## ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР

Ауданда Үдемелі Индустриалды Инновациялық Даму мемлекеттік бағдарламасы аясында Өңірлік кәсіпкерлік қолдау картасы тізіміне жалпы құны 19 млрд. 534,6 млн.тг құрайтын 6 жоба енгізіліп, одан жалпы құны 951,6 млн.тг құрайтын 5 жоба жүзге асырылды. Іске асырылған жобалардың барлығы ауданның Индустриалды аймағында орналасқан.

Алдағы уақытта ауданда жалпы құны 200 млн. АҚШ долларын құрайтын «Созақ фосфат» ЖШС-гі, «Минералды тыңайтқыштар өндіру» жобасын жүзге асыруды жоспарлап отырмыз. Қазіргі таңда бизнес жоспар жасалуда, барлау жұмыстары жүргізілуде.

## ҚҰРЫЛЫС ЖӘНЕ СӘУЛЕТ САЛАСЫ



Ауданда 843,3 млн. теңгенің құрылыс монтаж жұмыстары жүргізілді, құрылыс жұмыстарының нақты көлем индексі 2021 жылдың қорытындысымен 100% орындалды.

Аудан көлемінде 2021 жылы 8 нысанда құрылыс жұмыстары жүргізіліп, 4 нысанның құрылыс жұмыстары аяқталып, пайдалануға қабылданды. 4 нысанның құрылыс жұмыстары 2022 жылы аяқталады.

Атап айтар болсақ, Шолақорған ауылы Ақшам мөлтек ауданын жарықтандыру құрылысы, С.Қожанов атындағы тарихи-аймақтық өлкетану музейінің құрылысы, Қарақұр ауылындағы 75 орындық мәдениет үйі, Шу ауылы әкімі аппаратының ғимаратының құрылыстары аяқталып, пайдалануға берілді.

Жуантөбе, Қаратау ауылы әкімі аппараттарының ғимараты, Аққолтық елді мекеніндегі 75 орындық мәдениет үйі, Шолақорған ауылы С.Қожанов көшесіндегі екі қабатты әкімшілік ғимаратына қосымша жай (военкомат) құрылыстары 2022 жылы аяқталады.

Облыстық құрылыс басқармасы тапсырысшы болуына сәйкес Шолақорған ауылындағы Ә.Молдағұлова орта мектебіне 300 орындық оқу корпусының құрылысы, Таукент кентіндегі Сүгір Әліұлы атындағы мектебіне 300 орындық оқу корпусының құрылысы, Ақсұмбе елді мекеніндегі С.Қожанов атындағы 100 орындық мектеп құрылыстары басқармаға өткізілді.

Сонымен бірге, Шолақорған ауылында 600 орындық Ү.Алтынсарин атындағы орта мектебінің, Т.Әлімқұлов атындағы лицей-интернатына 300 орындық қосымша жай,

Ыбырай елді мекеніндегі Құрманғазы атындағы мектеп, 1 қабатты 30 тұрғын үй, 2 қабатты 8 пәтерлі 14 тұрғын үйдің және Шолақорған ауылындағы «Астана» мөлтек ауданының инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым құрылыстары жобалары өз салалары бойынша қаржы бөлу үшін облыстық басқармаларға тапсырылды.



## КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҚ САЛАСЫ

Созақ ауданында магистральды газ құбыры-тармағын салу жобасының құны – 4 млрд. 110 млн.теңгені құрайды.

Осыған орай, Жаңатас қаласы бұрылысынан аудан орталығы Шолақорған ауылына дейінгі магистральды газ құбыры мен АГТС құрылысы басталған болатын. 2019-2021 жылдары 1 млрд. 813 млн. 255 теңге қаржыға кестеге сәйкес құрылыс жұмыстары жүргізілді.

Бүгінгі күнге дейін 840 дана электр бағаналары орнатылып, электр же-



лілері 15 шақырымына жүргізілген. Найзағайдан қорғау құрылысы – 4 дана орнатылды. 43,8 шақырым құбырға арналған траншея дайындалып, қазіргі таңда құбырлар дәнекерленіп, 98%-ы көмілген және АГТС қондырғыларының орындары әзірленді.

## Шолақорған ауылының ішкі жүйесін газбен жабдықтау

Шолақорған ауылының ішкі жүйесін газбен жабдықтау жұмыстары үшін жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп, 25.01.2019 жылы мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынып, облыстық бюджетке қаржы бөлуге ұсынылды.

2021 жылы 1 млрд. 45 млн. 232 мың теңге бөлініп, 150-ге жуық көшеге газ құбыры жүргізілді.

**Ауыз сумен қамтамасыз ету**  
Созақ ауданы бойынша 10 ауылдық округ пен 2 кенттегі 35 елді ме-

кеннің бүгінгі таңда 28 елді мекені 97% орталықтандырылған ауыз су құбырларымен қамтылған.

Орталықтандырылған ауыз су құбыры жүргізілмеген Сарыжаз, Шақырық, Балдысу, Қарабұлақ және Басбұлақ елді мекендерінің жер асты су қоры 2018-2019 жылдары Түркістан облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы тарапынан зерттеліп, жер асты су қоры бекітілген.

Өткен жылдың шілде айында Қарабұлақ, Балдысу, Шақырық, Саржаз, Басбұлақ елді мекендеріне ауыз су тарату нысандары үшін мемлекеттік жер актілері алынып, сәулет-жоспарлау тапсырмасы (СЖТ) әзірленген. Жобалау-сметалық құжаттамалар (ЖСҚ) әзірлеу үшін қаржы қарастырылуда.

Шолақорған ауылының тұрғындарын тәулік бойы ауыз сумен қамту мақсатында «Шолақорған ауылының Ақшам және Наурыз мөлтек аудандарын ауыз сумен қамтамасыз ету құрылысы» жұмыс жобасы әзірленіп, 27.10.2021 жылы оң қорытындысы алынды.

Аталған жұмыс жобасына 2022 жылға қаржы бөлу үшін Түркістан облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасына сұраныс енгізілді.

Қымкент ауылындағы ауыз су тарату нысанындағы су тазарту қондырғыларына ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін сметалық құжаттама әзірленіп (сметалық құны-28700,0 мың теңге), қаржы қарастырылуда.

Қарақұр, Қозмолдақ ауылдары тұрғындарын тәулік бойы ауыз сумен қамту мақсатында облыстық басқарма арқылы ағымдағы жылы жер асты су қорын зерттеу жұмыстары басталды. Жер асты су қоры бекітілгеннен кейін ЖСҚ әзірленетін болады.

## Автомобиль жолдарын



## жөндеу

2021 жылы Созақ ауданы елді мекендерінің 53 (38 шақырымы асфальт) шақырымды құрайтын 49 көшесінің автомобиль жолдарына орташа жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарланған.

Қажет қаржының жалпы көлемі 919 613,0 мың теңге. Оның 555310,0

мың теңгесі «Ауыл-Ел бесігі» бағдарламасы шеңберінде республикалық және облыстық бюджеттерден, 364 303,0 мың теңгесі облыстан берілетін субвенция және жергілікті бюджет қаражаты есебінен.

Одан ұзындығы 47 шақырымды құрайтын 44 автомобиль жолының орташа жөндеу жұмыстары аяқталып, пайдалануға берілді.

Қалған 5 көшеге орташа жөндеу жұмыстары 2022 жылы жүргізіледі.

Аудан бойынша 403 шақырымды құрайтын елді мекендердің ішкі көшелерінің 195 (48%) шақырымы асфальт болса, жылдың қорытындысы бойынша 219 (54%) шақырымға жетті.

Сонымен қатар, аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын күтіп ұстау мақсатында аудандық бюджеттен 10 млн. теңге және аудан орталығы Шолақорған елді мекенінің ішкі көшелерінің автомобиль жолдарын күтіп ұстау мақсатында 1 млн. 437 мың теңге қаржы қаралып тиісті жұмыстар атқарылды. Асфальтты бетон жабындысы төселмеген аудандық маңызы бар «Созақ-Тасты-Қылты» автомобиль жолына құрылыс жұмыстарын жүргізу үшін жобалық сметалық құжаттамаларын жасатуға 3 млн. 851 мың теңге қаржы қаралып, мемлекеттік сатып алу жұмыстары бойынша жеңімпаз мердігер анықталып, жобалық сметалық құжаттамалар әзірленуде.

## ӘЛЕУМЕТТІК САЛА

Кешенді жоспарды іске асыру аясында 3409 адамды қамту жоспарланса, 3108 адам қамтылып, жоспар 91,2 пайызға орындалды.

Бағдарламаның бірінші бағыты «Кәсіби білім беру және кәсіптік оқыту» бойынша - қысқа мерзімдік курстар бойынша ауылдық округ, кент әкімдіктерінен оқуға ниет білдірушілер бойынша тізім жасақта-

лып, 60 адамды оқыту жоспарланып, жергілікті бюджеттен 13 млн. 550,0 мың теңге қаржы қаралып, 2021 жылы 60 адам қысқа мерзімді оқуға жіберіліп, 59 адам оқуын аяқтап, мамандағы бойынша тұрақты жұмыспен қамтамасыз етілді.

**(Соңы. Басы 2-3-беттерде).**

Бағдарламаның екінші бағыты «жаппай кәсіпкерлікті дамыту» шеңберінде жеке ісін ұйымдастыру және кеңейтуге 78 адам шағын несиелен қамту жоспарланып, 2021 жылдың қорытындысымен 65 адам 268 млн. 320 мың теңге несиелен қамтылды. «Бастау-Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне 180 адам оқыту жоспарланып, 181 адам



кәсіпкерлік негіздеріне оқуға «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлік палатасы арқылы жолданып, оқуды толық аяқтаған 171 адамға сертификаттар табысталды.

Бағдарламаның үшінші бағыты «жұмыспен қамту және еңбек ресурстарының ұтқырлығын арттыру» шеңберінде өткен жылға 1 288 жалпы жаңа жұмыс орындары ашылу жоспарланса, жылдың қорытындысымен 2145 жаңа жұмыс орыны ашылып, жоспар 166,5 % орындалды. Оның ішінде халықты жұмыспен қамту орталығы арқылы жыл ішінде 144 адам жолдау жоспарланып, 571 адам жолданды (жоспар 405 %).

**БІЛІМ САЛАСЫ**

Ауданның білім саласында 40 мектепке дейінгі ұйым тіркелген, оның ішінде 37-і балабақша, 3-і шағын орталықтар. Олардың 17-сі мемлекеттік, 20-сы жекеменшік балабақшалар. Мемлекеттік балабақшаларда-2491 бала, жекеменшік

балабақшаларда-1742 бала, шағын орталықтарда 85 бүлдіршін, МАД тобында-1387 бала тәрбиеленуде.

Жалпы ауданда қамтылуы тиіс 3 пен 6 жастағы балалар саны 3976 болса, 100 % қамтылып отыр.

2021 жылы аудан мектептерін бітірген 828 түлектің 718-сі ҰБТ тапсырып, (2020 жылы 682 түлектің 587-і ҰБТ тапсырды) нәтижесінде аудан көрсеткіші 61 балды құрады (2020 жылы 57,65). 77 оқушы «Алтын белгі» (2020 жылы 53 оқушы), 56 оқушы «Үздік аттестат» (2020 жылы 46 оқушы) иегерлері атанды.

Елімізде COVID-19 пандемиясына байланысты аудан мектеп оқушыларының жазғы демалысы ұйымдастырылмады.

**МӘДЕНИЕТ, СПОРТ САЛАСЫ**

Есепті жылдың 2-ші шілдесі күні Түркістан облыстық мәдениет басқармасымен бірлесіп Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында және домбыра күніне арналған «Күй құдіреті» облыстық жас күйшілер байқауы мен ұлттық аспаптардың байқау көрмесі ұйымдастырылды.

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арнап Созақ ауданы әкімінің кубогы үшін облыстық «Жайдарман» ойындары өткізілді.

Желтоқсан айының 10 күні Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арнап «Тәуелсіздікті жырлаймын» атты халықаралық ақындар айтысы өткізілді.

Бұқаралық спортты дамыту мақсатында 2021 жылы «КАТКО» қазақ-француз бірлескен кәсіпорынының демеушілігімен Абай, Балдысу, Көктөбе және Қайнар елді мекендерінде жасанды төсеніштегі кіші футбол алаңшалары мен балалар ойын алаңшалары салынып пайдалануға берілді.

Түркістан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы мен бірлесіп 2021 жылға 78 спорттық іс-шаралар өткізу бекітіліп, оның қараша айына дейін 52 іс-шарасы өткізілді.

**ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫ**

2021 жылы халықтың өмір сүру ұзақтығы 71,5 жасты құрады.

Ана өлімі тіркелмеді. Өткен жылы 1598 бала туылып, 2020 жылмен салыстырғанда туылған бала саны 51 артты. Аудан бойынша 2021 жылы қан айналым жүйесі ауруларынан 96 адам қайтыс болған. 2020 жылы 107 адам қайтыс болған еді. Инфаркт-миокард ауруынан 2021 жылы 18 адам қайтыс болды. Бұл 2020 жылға қарағанда 15 адамға азайды.

Өздеріңізге белгілі коронавирус пандемиясына байланысты ҚР Президентінің Жарлығымен елімізде төтенше жағдай жарияланып, одан әрі карантин жүйесі енгізілді. Осыған орай ауданымызда:

1. 120 орындық провизорлық госпиталь ашылды (Таукент кентінің ауруханасы)

Есепті мерзімде ауданымызда коронавирус инфекциясы расталған 425 жағдай тіркеліп, қайтыс болған адам жоқ. Сондай-ақ, пневмония ауруы бойынша 130 адам тіркеліп, 4-азамат көз жұмды.

**ТӘРТІП ПЕН РЕТТІЛІК**

Ауданымызда 2021 жылы 81 (2020 ж-121) қылмыс тіркеліп, 2020 жылмен салыстырғанда 40 қылмысқа азайды.

Жасалған қылмыстардың басым бөлігін бөтеннің мүлкін ұрлау мен орташа ауыр қылмыстарды құрайды. Бөтеннің мүлкін ұрлау көрсеткіші бойынша – 15 (2020 ж - 63), аса ауыр қылмыс – 1 (2020 ж-2), ауыр қылмыстар – 16 (2020 ж-33) тіркелген.

**Жеке азаматтарды қабылдау, өтініштермен жұмыс**

2021 жылы аудан әкімі және орынбасарлары азаматтардың өтініштері бойынша 37 жеке қабылдау өткізді. Жеке қабылдауда 186 азамат әр түрлі мәселелерімен қатысқан. Осы жеке қабылдауға қатысқан азамат-

тардың мәселесі оң шешілгені - 35, заң аясында түсіндірме жауап берілгені-151. Жеке қабылдау кезінде көтерген мәселері бойынша 35-азамат әлеуметтік көмек туралы, 58-азамат жұмыспен қамту туралы, 4-азамат білім саласы туралы, 8-азамат денсаулықты сақтау саласы туралы, 33-азамат тұрғын үймен қамту туралы, 7-азамат инфрақұрылым саласы туралы, 13-азамат ауыл шаруашылық мәселесі туралы, 2-азамат кәсіпкерлік саласы бойынша, 22-азамат жер саласы туралы, 4-азамат өзге мәселелермен қатысқан.

Сонымен қатар, жеке тұлғадан - 369, заңды тұлғадан – 96, барлығы – 465 өтініштер келіп түсті

Осы өтініштердегі көтерілген мәселелер бойынша заң талаптарына сәйкес, тиісті шаралар қабылданды.

**Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер**

Мемлекеттік мекемелер бойынша өткен 2021 жылы жалпы -13 205 мемлекеттік қызметтер көрсетілді.

Оның ішінде: ХҚКО арқылы -1805 қызмет, электронды үкіметтің веб-порталы арқылы -2425 қызмет, электронды түрде ақпараттық жүйелер арқылы -8928 қызмет, тікелей -47 қызмет көрсетілді.

Электронды түрде көрсетілген мемлекеттік қызметтердің үлесі 83% құрады.

Аудан әкімі аппараты, дербес бөлімдері мен ауылдық округ, кент әкімі аппараттарында және оған бағынысты мемлекеттік мекемелерде «Өзіне-өзі қызмет көрсету бұрыштары» ұйымдастырылып келуші азаматтарға электронды қызмет алуға жағдай жасалған.

Сонымен қатар, аудан әкімдігінің ғимаратында «Халықтық кеңсе» ашылып, жұмысын жалғастыруда. Мұнда ауданның барлық мемлекеттік қызмет түрін көрсететін дербес бөлімдері шоғырланып, арнайы маман бекітілді. Өтінішпен келген аудан тұрғындарына консультативті-ақпараттық кеңес беру арқылы қызмет көрсетіледі.

**Созақ аудандық қоғамдық кеңесі 2021 жылдың қорытындысы**

Созақ аудандық қоғамдық кеңесі алғашқы рет, Қазақстан Республикасының «Қоғамдық кеңес туралы» Заңына сәйкес, 2016 жылдың наурыз айында құрылды. Созақ аудандық қоғамдық кеңестің 2-ші құрамы 2019 жылдың наурыз айында жасақталды. Бүгінде Қоғамдық Кеңестің 21 мүшесі бар. Төрағасы – Қабылбек Аманбекұлы Еспенбетов, хатшысы қызметін-Мұхтар Сенбіұлы Қиясбаев атқарады.

2021 жылы Созақ аудандық Қоғамдық кеңесі өз құзыреті аясында төмендегідей жұмыстарды атқарды. Қоғамдық кеңестің отырыстарында Қазақстан Республикасының «Қоғамдық кеңес туралы» Заңының 3-бабының 3-тармағына, 5-бабының 2-3-4 және 13 тармағына, 18 бабының 4-тармағына, 23-бабының 1-тармағына сәйкес, қоғамдық кеңестің төралқа мүшелерінің келісімімен төмендегі мәселелер қаралды.

Пандемияға байланысты Қоғамдық кеңес жұмыстары қатаң карантиндік Ережеге сәйкес сақтық іс-шараларын сақтай отырып өткізілді.

**2021 жылдың I тоқсаны:** Тоқсанда Қоғамдық Кеңестің отырыстарында 6 нормативтік құқықтық актілердің жобалары талқыланып, ескертусіз мақұлданды.

1.«Созақ ауданы әкімінің 2020 жылдың қорытындысы мен есебі» туралы мәселе (Хабарламашы Аудан әкімі С.Полатов).

2.«Аудандық қоғамдық кеңес құрамын толықтырулар туралы» мәселе (Хабарламашы Қ.Еспенбетов).

3.«Аудандық қоғамдық кеңестің 2021 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту» туралы мәселе (Хабарламашы Қ.Еспенбетов).

Бұл мәселелер туралы тыңдап, талқыланып Қарар қабылданды.

**2021 жылдың II тоқсаны:** 2021 жылдың екінші тоқсанында Қоғамдық кеңестің отырыстарында 4 нормативтік құқықтық актінің жобалары қаралып ескертусіз мақұлданды.

1.«Созақ аудандық қоғамдық кеңестің ұйымдастыруымен аудан орталығы, Шолаққорған ауылының көшелерінде газ тарту үшін жүргізіліп жатқан құрылыс жұмыстарының барысымен танысу және зерделеу үшін уақытша сараптама тобы құрылды» тиісті деңгейде сараптамалық жұмыстары жүргізілді. Бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланды. (Хабарламашы Қ.Еспенбетов).

Бұл мәселелер туралы тыңдап, талқыланып Қарар қабылданды.

**2021 жылдың III тоқсаны:** 2021 жылдың үшінші тоқсанында Қоғамдық кеңестің отырыстарында, 4 нормативтік құқықтық актінің жобасы талқыланып, ескертусіз мақұлданды. 2 мемлекеттік орган басшысының есебі тыңдалды:

1.«Созақ аудандық полиция бөлімінің «Заңдылықты қамтамасыз ету жөніне адам мен азаматтардың құқықтарын және бостандықтарын сақтау мәселелері бойынша 2021 жылдың 6 айында атқарған жұмыстары туралы есебі тыңдалды» (Аудандық полиция бөлімінің бастығының міндетін атқарушы Б.Махаш хабарлама жасады).

2.«Созақ аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Өткен оқу жылының қорытындылары және алдағы оқу жылына дайындық жұмыстары, есебі тыңдалды. (Адами әлеуетті дамыту бөлімінің басшысы Н.Айдаров

хабарлама жасады).

Бұл мәселелер туралы тыңдап, талқыланып Қарар қабылданды.

**2021 жылдың IV тоқсаны:** 2021 жылдың төртінші тоқсанында Қоғамдық кеңестің отырыстарында, 12 нормативтік құқықтық актінің жобалары қаралып, ескертусіз мақұлданды. 2 мемлекеттік орган басшысының есептері тыңдалды. 1 талап арыз қаралып тиісті шаралар қабылданды.

1.«Созақ ауданы әкімдігінің тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің «Қысқы маусымға дайындық» жұмыстары туралы есебі тыңдалды. (Созақ ауданы әкімдігінің тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Д.Байзақов хабарлама жасады).

2.«Созақ ауданы әкімдігінің ауылшаруашылық бөлімінің «Қысқы маусымға дайындық (жем-шөп) және жайылымдықтарды пайдалану» жұмыстары есебі тыңдалды (Созақ ауданы әкімдігінің ауылшаруашылық бөлімінің басшысының міндетін атқарушы Қ.Сұлтанғазиев хабарлама жасады).

3.«Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, Әйтеке би көшесі, №64 үйдің тұрғыны Талғат Жұмақовтың талап арызы қаралып тиісті шаралар қабылданды.

Қоғамдық кеңестің соңғы отырысында, Созақ аудандық мәслихатының «2022-2024 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» шешімінің жобасы қаралды.

Бұл мәселелер туралы тыңдап, талқыланып Қарар қабылданды.  
**Қорытынды**

Қоғамдық кеңестің 2021 жылға бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес бүгінгі күнге дейін 4 отырыс 6 рет төралқа отырыстары өткізіліп, 38 мәселе қаралды. Оның ішінде 26 нормативтік құқықтық актілер жобалары талқыланып, ескертусіз мақұлданды. 5 бөлімдер мен мекеме басшыларының есептері тыңдалды.

Мемлекеттік орган жұмыстарын бақылау мәселелері бойынша аудан әкімінің, аудан әкімдігінің бөлімдерінің, ведомстволық мекемелер басшыларының есептері тыңдалып, онда Қоғамдық кеңес мүшелері тарапынан өзекті мәселелер көтеріліп, кемшіліктер атап көрсетіліп, одан қорытынды шығаруға мерзім беріліп, кемшіліктерді жою бойынша Қоғамдық кеңеске мәліметтер беру тапсырылды. Қаралған мәселелердің хаттамалары тиісті бөлімдерге жіберіліп отырды. Қоғамдық кеңес отырыстарымен төралқа отырыстарында қоғамдық кеңес мүшелері белсенділік танытты. Қоғамдық кеңес мүшелерінің атынан Қазақстан Республикасының «Қоғамдық кеңес туралы» Заңына өзгертулер толықтырулар жасау үшін екі рет ұсыныстар берілді.

Республикалық Ережеге сәйкес, Созақ аудандық қоғамдық кеңес туралы жаңа Ережесі бекітілді. Аудандық қоғамдық кеңес жанынан Қазақстан Республикасының «Қоғамдық кеңес туралы» Заңына сәйкес, 5 тұрақты комиссиялар құрылып, өздерінің бекіткен іс-шаралар жоспарына сәйкес жұмыстар жүргізді.

**М.ҚИЯСБАЕВ,**  
**Созақ аудандық қоғамдық**  
**Кеңесінің хатшысы.**

Жел күшейіп, аспан қара бұлттанып қар жауатындай сыңай беріп тұр. Қара күздің қысқа ойысар мезгілі болған соң, қардың түсуі, ызғырық қара суықтың болуы заңдылық. Дәулетбай таңертеңнен бері шоң қораны сексеуілмен биіктетіп, колхоздың өзіне бекіткен түйе-тайлағына ықтасын жасаумен әуре болуда. Қыстауға көшіп келгелі тыным жоқ. Әкесі Танабай да кезінде байдың малын бақты, егінін орысты, шөбін шабысты әйтеуір бала-шағаның күн көріс қамымен өмірін өткізген кісі. Дәулетбай да Октябрь революциясы орнағанға дейін жалшылық етіп, кісі есігінде жүрді. Шіркін, өз алдымда малым, басымда баспанам, мініске атым болса деп армандайтын! Міне сол арманы Кеңес өкіметі келген соң орындалғандай болды. Баспанасы да бар, мінерге аты да бар, тек малы-түйе болғанымен колхоздікі болып тұр. Бірақ өз малындай ерекше ықыласпен қарайды, бағады, күтім жасайды. Бүгінде астындағы құла қасқа атымен түйелерін көзбен бір түгелдеп қырқа-қырқаны аралап қайтты. Түйе жарықтық ұлық мал ғой. Керенау қимылмен басын көтеріп, күйісінен жаңылмай кезін төңкеріс иесіне бір қарап алды да ебелек пен жантаққа қайта бас қойды. Өздері адамдар сияқты бір қауым, жатырлас емшектес бота-тайлақтары бөлінбей бірге жүреді. Сонау Шу бойындағы жолдың ішін аралап, түйелерді түгелдеп шыққанша күн ұясына батып, айналары қараңғылық басты. Дәулетбай құла қасқаның жүгенін бос тастай салып, атың өзіне алаңсыз иелік берді. Кеңес өкіметі орнағанға дейін берісі мына Түркістанға, арысы сонау Бетпақты көлбей өтіп Жезқазған арқылы Қарқаралы өңіріндегі жәрмеңкеге түйемен жүн, тері, кепкен аң еті, құрт-ірімшік артып жосыла саудагерлік жасайтын. Қайтарда апарған заттарын ұн, қант, шай, кездеме, киім-кешекке айырбастап қайтатын. Жолда қаңғыған бұзақылар, қан жалаған қарақшылар жол торуылдап лажы болса үптеп кетуге дайын тұратын. Сондықтан екі түйеден артық кіре тартпайтын. Бір жолы Жартытөбеден шыққан Дәулетбайға жайылманың тұсында батыстан қиястап келе жатқан бес-алты түйені кірелеген бір жорлаушы жолыға кетті. Қозмолдақ Сызғанның тумасы Баймұрат деген кісі екен. Ол да жүнтері, мүйіз артып алған, Қарқаралыны бетке алған жолаушы болып шықты. Жақсы болды. Қасына серік



## Дәулетбай түйекеш

табылды. Осыдан кейін екеуі екі-үш мәрте серіктес болып, кәдіуелгідей таныс болып алды. Барғанша әңгіме, дүкен құрып, бір-бірінен жасырар сырлары қалмады десе де болады.

-Дәулетбай! екеуіміз замандас, әрі қатарлас құрдас екенбіз. Өзінің айтуына қарағанда саңғылға күйеу екенсің. Оның үстіне бойжетіп отырған қызың бар екен. Сенде қыз болса, менде үзеңгіге аяқ салып тұрған ұл бар дегендей құйрық-бауыр асатардай құда болайық,-дейді Баймұрат. -Мен қарсы емеспін-ау Байеке. Жастардың заманы туып тұр ғой. Баяғы өзіміз сияқты әке-шешенің айтқанынан шықпайтын ұл мен қыз бар ма қазір,-дейді Дәулетбай.

-Елге барған соң ұлым Жылысбайды Жартытөбеге алып барамын. Екеуімізде әлі айтылмаған әңгіме көп, жастар да бірін-бірі көрсін. Мүмкін шүйіркелесіп кетер,-дейді Баймұрат. Иә, сол жылы Жылысбай Қатша аруды қос атпен барып, елге келін етіп алып келеді.

-Әкемнің бір ауыз сөзімен болашақ жарымның етегінен ұстап кете бардым. Әкем елгезек, жеңіл қимылдайтын, ашуға жоқ, сабырға серік кісі болатын. Анам осы Кәріағаштағы Жаппар деген кісінің әпкесі болатын. Қазір нағашыларымнан Жандар, Қам-

бар деген ұрпақтары бар. Ділда есімді сіңілім болатын. Ол Төрткүлдің Қызылжар деген деген жеріне тазша кісіге тұрмысқа шыққан. Арапбай деген баласы болды.

Өз анамыз қайтыс болған соң әкем Дәулетбай Балдыз деген екінші шешемізге үйленді. Одан Бибан деген сіңілімді туды. 1968-69 жылдары Балдыз анамыз қайтыс болды. Одан кейін үшінші шешеміз Айжамалды алды. Айжамалдан Шашым деген сіңілім дүниеге келді. Айжамал жастайынан науқас болып, ұзақ өмір сүрмеді. Менің қолымда болды. Кейін аурухана төсегінде көз жұмды,-деп көзі тірісінде Қатша апамыз әңгімелеп берген еді. Қатша апамыз 1903 жылы туылып, 2006 жылы 103 жасында қайтыс болады. Жартытөбе мен Калинин совхоздары бөлінбей тұрғанда түйе баққан Дәулетбай, кейін бөлінген соң Калинин совхозының түйесін өле-өлгенше, яғни 80 жасына дейін бағып, 1966 жылы 86 жасында қайтыс болады.

-Мен Дәулетбай атамды көрдім. Сол кісінің үйінде жатып 6-шы класқа дейін оқыдым. Өте жұқа кісі болатын. Сонау таудың ішінен барып шөп орып қайтамыз. Шаруаға ширақ, еңбекқор, шаршау дегенді білмейтін тынымсыз кісі болатын. Таудың сасыры бар, бұлақтардың жаға-

сында құрақ, балауса, мысық құйрық сияқты шөптерін орады. Сонда мені тіпті жинауға, тырмалауға жұмсамайды. Тек өзі ғана барлығын реттеп баулап шығатын. Осы күні ойлап отырып, мені неге жұмсамайтынына таң қаламын. Әлде кісінің баласы бір нәрсеге ұшырап қалмасын, тек серік болып отырса болды дейді ма екен? Әйтеуір ара-арасында маған әңгіме айтып, әрнәрсені сұрағыштап қояды. Мені іші пыспасын дегені болуы керек,-дейді Дәулетбайдың жиенінен туған жиеншасы Серік Жылысбаев. Жылдың төрт мезгілінде, табиғаттың ыстығы мен суығына қарамай тұзақ, қақпан құрып, аң-құс аулайтын аңшы кісі болыпты. Дәулетбайдың туған жиені Ұлы Отан соғысының соңғы көзі тірі солдаттарының бірі, Созақ ауданының Құрметті азаматы, Жылысбаев Мырзахмет. Ұзақ жылдар мектеп директоры болып қызмет атқарған Мырзахмет қария бүгінде 96 жаста. Әлі де тың. Әңгімеге, шежіреге жатық. Есте сақтау қабілеті мығым.

-Кезінде мектеп, жұмыс деп жүре беріппіз. Анамыз есті, әңгімешіл, сауықшыл кісі еді. Сол өткеннің естеліктерін жазып алып қалмаппын. Нағашым Дәулетбай жартытөбелік кісі болатын. Кезін ашқалы сол түйе шаруашылығымен айналысқан шаруа кісі еді.

Өзінің дене бітімі, қағилездігі, жылдам сөйлейтіндігі Лениннен аумайтын. Содан ба үйдегі балалардың естияры Серік пен Шаяхмет "Ленин ата" дейтін,-деп есіне алады майдангер Мырзахмет Жылысбаев.

Менің әкем де сол 1960 жылдары колхоз-совхоздың малын бағатын. Осы мынау Жартытөбе мен Шолаққорғанның ортасында Мәнжі, Қасқа бұлақ деген жерлер болатын. Сол жердегі бұлақтың басынан әрірек Дәулетбай түйеші отыратын. Әкем екеуі жолығысып қалса, ұзақ уақыт бойы әңгіме айтып тұра беретін. Түскі астың кезі болса бірін біріне үйінің барып шай үстінде үзілген әңгімені жалғайтын. Былайша Дәулетбай түйекештің үйінен кісі үзілмейтін, өзі де, ол үйдегі ұзын бойы аққұбаша келген апамыз да қонақшыл, сауықшыл кісілер болатын.

Аудан құрылған алғашқы жылдары Созақ ауылында жетім балалар мен шағайдағы шаруалардың, тұрмысы төмен отбасылардың балалары жатып оқитын пансионат болатын. Қатша апамыз сол пансионатқа жаяу қатынап жүріп аспазшы болып жұмыс істеген екен. Жұмысына өте адал болыпты. -Ауылдың балалары, оның ішінде жетім балалар жатып оқитын. Сонда «мынау ауылдың баласы ғой» деп жүрегім езіліп, ішім жылып тұрса да сол балаларға жарты ожау көже артық құя алмадым. Өйткені мен үшін бар бала бірдей еді,-деп еске алатын.

-Атыңнан айналайын асыл Қатша,

Қарамаушы ең жолыңда алтын жатса-деп Битуар деген қайынысы соғыстан өлеңдетіп хат жазған екен. Сол Қатша Дәулетбайқызы елдің алғысы, ақ батасымен ұзақ жыл ғұмыр сүріп, бір ғана ұлынан 13 немере, 47 шөбере, 70 шөпшек көріп кетті. Кейін 132 неменесі болды. Бірді айтып бірге кетеміз. Сол Дәулетбай ақсақал ер тоқым, жүген, ноқта секілді ат әбзелдерін істейтін шебер ұста болыпты. Өмірінің соңғы алты жылы ғана еңбексіз өмір кешіп демалған екен. Қалған 70-80 жылы тек мал шаруашылығымен айналысып өтті. Ұрпақтар сабақтастығы жылдары аясында өткен тарихымызды зерделеп, зерттеп, келер келешегімізге аманаттау әрбір азаматтың парызы болмақ. Ендеше кешегі еңбек майданында күнмен таласа еңбек еткен ата-әжелеріміздің ерен еңбегін елге жеткізе білу пайымды ұрпақтың парасатты ісіне айнала берсін.

**Мақсат ЖЕҢІСҰЛЫ.**

## Тәжібаев Пәрмен қай жақтың қазағы?

Әлеуметтік желде Асқар Шымыр деген азаматтың Тәжібаев ДӘРМЕН есімді атасына іздеу салғанын осы топтан білген соң, шама жеткенше көмектескім келді. Өкінішке орай, мұндай есім сайттан табылмады. Есесіне "Таджибаев Пармен" есімі шықты. Құжаттардың қате толтырылып кететіні белгілі. Мүмкін бұл Тәжібаев Дәрмен болып қалар деп құжаттарды ақтарып көрсем, түсініксіз, бірақ, қызықты жағдайға тап болдым. Неге? Өйткені.. Құжаттардың бірінде оның туған жері Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданы, Молотов сельсоветі, Алмалы ауылы деп жазылса, енді бір құжат-

та "Өзбек ССР-і, Ташкент облысы, Янгиул ауданы, Шуралы сай сельсоветі, Молотов колхозында туған" деп көрсетілген. Екеуі екі бөлек, тек аттас адамдар екен дейін десең, екеуінің басқа мәлімет, деректері бір-бірін айна қатесіз қайталайды. Екеуі де 1915 жылы туған, 1937 жылдан бастап әскер қатарында болған, аға лейтенант,



1944 жылы Чехословакияда қаза тапқан. Мүмкін осыншалық ұқсастық болуы десеңіз де, егер екеуі екі адам болса, партбилет нөмірінің бірдей болуы мүмкін емес қой. Ал, партбилет нөмірі екеуінде де-4390785.

Бір қызығы, қандай құжатты алсаңыз да оның ұлтының қазақ екені жазылған. Бір құжатта Рүстемова Дәлила есімді қарындасы бар делініпті. Ал, енді бір құжатта әйелі деп жазылыпты да, аты көрсетілмепті.

Сонымен, бұл кісі қай жақтың қазағы болды екен? Созақ ауданы тұрғындары тарапынан бір хабар шығып қалар ма екен? Майдангер жерлесіміз туралы ақпараттар мен деректер шығып жатса редакцияға хабарласуларыңызды сұранамыз.

**Мақсат ҚАРҒАБАЙ.**

# Дін-ұстай алсаң қасиетің, ұстай алмасаң қасыретің

Кеңес дәуірі ыдырағаннан кейін Қазақстан халқының дінге деген қызығушылығы арта түсті. Дін бізге бір күнде келіп, бірден дари қойған жоқ. Неше түрлі қозғалыстар пайда болды, шерулер өтті, әртүрлі діншілдерде шыға бастады. Кейбір азаматтар жаппай балаларын дінге баули бастады, ал басы біреулер шетелге діни білім іздеп кетті. Дін өрттей қаулады.

Дінді дұрыс түсіндіру ешқашан өзінің өзектілігін жоғалтпаған іс. Өйткені дін - дегеніміз бейбітшілікке, адамдар арасын татулыққа баулитын құрал. Ал дінді бұрыс түсіндірген адам ел арасында діни бүліктің, араздасудың, тіпті елдер арасындағы соғыстың шығуына себепкер болады. Қазақ халқы ислам дінін ежелден ұстап келе жатқаны белгілі. Жаратушы ием дінді адам үшін жаратты. Дінді қастерлейтін де, қадір-қасиетін қашыратын да, бөрекесін кетіретін де - адам. «Дін - ұстай алсаң қасиетің, ұстай алмасаң қасыретіңе айналады», деп бекер айтылмаған. Қасиетін қадірлей алмаған ел қастерке ұшырайды. Мұны тарихтан жақсы білеміз. Дін - біле білгенге рухани азық, білмегенге - от, ал оттан өрт шығады. Дін - кісіні парасаттылыққа, адамгершілікке, қайырымдылыққа, төзімділікке, ұстамдылыққа, қадірлесуге, сыйласуға, елмен елдің арасын жақындатуға, табыстыруға қызмет ететін үлкен құдірет. Құдіреттің құдіреттілігін біле алмасақ адасамыз.

«Жүре берсең, көре бересің» дегендей, осы күндері жасына жетпей ата сақалы беліне түсетіндерді де, арнайы діни сауат алмаған жап-жас басымен уағыз айтатындарды да көріп жүрміз. Тіпті, әйелдер де елге уағыз айта бастады. Әсіресе бүгінгі күні ғаламтор беттерінде және әлеуметтік желілерде уағызшылардың саны көбейді. Қарапайым халық бұл дінсымақтарды тыңдағанда қайсы дұрыс, қайсы бұрыс айтып жатқанын ажырата алмайтын жағдайға жетті. Олардың айтылған насихат мәселесіне келсек, Отан, ұлттық құндылықтар деген сөз шықпайды. Тек бір дінмен шектеледі, Пайғамбарымыз бір хадисінде: «Дінге шектен тыс бірлеңдер» деген.

Қазір осындай дінге қатысы жоқ дүмше білгіштер дінді насихат көзіне айналдырып жіберді десек болады. Мұның ар жағында саясат тұруы әбден мүмкін. Дінді саясатқа айналдыруға болмайды. Белгілі бір дінді насихаттау үшін де арнайы білім керек. Уағызшы дінді қаншалықты меңгерді? Қай дәрежеде біледі? Ол жағына да назар аударған дұрыс. Бір сәтте діншіл болып шыға келу көңілге күдік келтіреді. Діннің саясатқа айнала бастағанының бір мысалы осы. Әлеуметтік желіде елімізде уағыз-насихат айтуына рұқсат етілген дін мамандарының тізімі Қазақстан мұсылмандар діни басқармасы (ҚМДБ) бірнеше жыл бұрын РАНТ-ны (республикалық ақпараттық-насихат тобы) құрған болатын. РАНТ-ға мүше болу үшін дін уағызшылары арнайы аттестациядан өтеді. Және олар арнайы «Жадынама» бойынша жұмыс істейді. Егер, уағыз-насихат айту барысында бекітілген ережеге сай емес ой-пікір айтылса, ол үшін жауапкершілікке тартылады. Осы себептен де бүгінге күнге дейін бірталай уағызшы РАНТ құрамынан шығарылды. Демек, адам өзіне беймәлім іспен шұғылданбағаны жөн. Қазақ «Дүмше молда дін бұзады» деп тегіннен тегін айтпаған.

Бұл мәселеге заңдық тұрғыдан қарайтын болсақ, ҚР «Діни қызмет және діни бірлестіктер» туралы Заңы бойынша уағыз-насихатты Әділет департаментінен тіркеуінен өткен діни бірлестіктердің қызметкері және миссионер деген куәлігі бар адам ғана айта алады. Егер, арнайы рұқсаты жоқ адам уағыз-насихат айтса, оған ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық» туралы кодексі (490-бап. «Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер» туралы заңнамасын бұзу) бойынша айыппұл салынады.

Шынайы дін отанды сүюге, туған халқын қадірлеуге, ата салтын әспеттеуге, ата-анасын сыйлауға, ардақтауға үндейді. Осы жолдан айнуға болмайды. Осындай кереаға діни уағызшылардың уағыздарына уланбаудың басты жолы - діни сауаттылықты қалыптастыру. Діни сауатты болу үшін белгілі-бір діни курсты бітіру шарт емес. Діни сауаттылық ұлттық тарих, дәстүрмен қатар, әлемдік деңгейдегі үрдістерден хабардар болудан құралады. Өз Отанын сүюмен дәстүрін ұстану, тарихын қастерлеу діни сауаттылықтың бір қыры. Өйткені, қазақ тарихына үңілген кез-келген адам қазақ халқында өзге елді жаулау, өзге ұлтпен дінді кемсіту секілді көріністердің орын алмағандығын көреді. Сондай-ақ, ұлттық дәстүрдің ислам шарттарына қарсы келмейтіндігін, тіпті үндесіп тұратындығын байқау үшін де асқан сауаттылықтың қажеті жоқ.

**А.ДУЙСЕН,**  
Түркістан облысы дін істері басқармасының  
«Дін мәселелері зерттеу орталығы» КММ теолог маманы.

Интернет тарихы 1969 жылдан басталады, ең бірінші АҚШ та Лос-Анжелс штатының Калифорния университетінде орнатылған. 1970 жылы электронды почта қолданысқа еңсе, 1989 жылы чат өмірге келді. 1990 жылы телефон арқылы интернетке қосылуға мүмкіндік ашты. 1991 жылы мобильді интернет пайда болды. Міне пайда болғанына 30 жылдың көлемі болған ғаламтор белгілі бір адамдарды бақытты, ал кейбіреулерді өкінішке орай бақытсыз, бірімізді бай, ал бірімізді рухани кедей етуге дейін құдыретті болып шықты.

Бұл әсіресе жастар арасын-

## Әлеуметтік желі әлегі немесе жалған діни ақпараттардан сақ болыңыз

дағы күрделі мәселе. Күн-түнімен желіні пайдаланатын бала жан-жағындағы адамдармен шынайы араласудан қалады. Оның желіге тәуелділігі сондай бас алмастан отырып, уақыттың қалай өтіп кеткенін байқамайды. Тұйықталып ғаламторға тәуелді болады. Ғаламтор әрбір үшінші отбасының ажырасуына себеп болады екен. Ғалымдардың пайымынша, жастар көп жағдайда әлеуметтік желіде туындаған жан-жалдың кесірінен ажырасатын көрінеді. Ғалымдардың әлеуметтік желі туралы зерттеулерінде, «Инстаграм» желісі депрессияға ұшырататын желі деп аталған. «В Контакте», мамандардың пікірінше, суицидке апаратын желі болып шыққан. Мүмкін, оның еліміздегі жасөспірімдер арасында суицидтің белің алып тұрғанына да ықпалы бар шығар.

Әлеуметтік желі үйдегі ас тұзы секілді. Күнделікті қолданыста өте қажет, бірақ мөлшерден көп қолданса денсаулыққа зиян. Бір ғана айырмашылығы - ас тұзын қолдану есебі, ережесі, мәдениеті қалыптасқан. Ал әлеуметтік желіні қолдануда бізде есеп те, ереже де, мәдениет те жоқ. Есеп пен ереже болмаған жағдайда мәдениет қайдан болсын. Мүмкіншілігі мол, зияны зор ғаламды торда ұстап отырған ғаламтор әлеуметті ұлттық дамудан айырады. Сондықтан желі қолданушылары үшін әлеуметтік мәдениеттің біркелкі жолын жүйелеп қалыптастыру, оны қоғам санасына сіңдіру жаһандану заманында жастарға жүктелетін маңызды миссия. Себебі әлеуметтік желіні көп қолданушылар да сол жастар.

Әлем бойынша сайттың қолданушылары 50 миллион екен. Бұған дейінгі заманда әлеуметтік желі болған жоқ, сәйкесінше ешқандай әдет, қағида қалыптасқан жоқ. Біздің пайымдауымызша, әлеуметтік желі мәдениеті мәселесін көтеру, шешу жолдарын ұсыну бүгінгі күні өзекті.

Жастарды ғаламтордың зиянынан сақтандыру үшін кез келген ата-ана баласына оны пайдаланудың шарттарын айтып түсіндіруге, ондағы ақпараттардың үнемі шындыққа жанаспайтынын, оған сын көзімен қарау қажеттігін, ол ақпараттарды кітаптағы, энциклопедиядағы ресми газет-журналдардағы ақпараттармен салыстырып, қабылдау керектігін ескертуге тиіс. Және де ғаламтордағы зорлық-зомбылыққа, қылмысқа, психологияны бұзылуға тәрбиелейтін бағдарламалардан, діншілдік, нәсілшілдік туралы ақпараттардан сақтандыру -

ата-аналар мен ұстаздардың да негізгі міндеттерінің бірі. Осы орайда есте болатын бір жағдай, он жасқа дейінгі балалар ата-анасы рұқсат берген сайттарға ғана енуге тиіс. Бұл ақпараттық технологиялар мамандарының, дәрігерлердің талабы. Ең бастысы, кәмелетке жасы толмаған балалардың электронды пошталарына енуге ата-анасының мүмкіндігі болуға тиіс. Ол ең бірінші, сол баланың қауіпсіздігі, бақытты болашағы үшін қажет. Әсіресе, балалар он төрт жасқа толғанында өз-өзімен болып, оқшаулана бастағанында, ата-анасы олардың беймәлім адамдармен ға-

уаттылықты түгелімен жоққа шығарып, Қазақстанның дәстүрлі мұсылмандарын кәпір деп айыптайды және т.б., сонымен қатар, ортағасырлық мұсылмандықты қайта жаңғыртуға бағытталған утопиялық ұмтылысқа бейім тұрады.

2021 жылы Түркістан облысы Полиция департаментінің полиция қызметкерлері деструктивті діни ағымдарды ұстанушылардың қатысуымен 21 қылмысты ашты. Оның ішінде діни араздықты қоздыруға, жеке мүлікті ұрлауға, есірткі құралдарын өткізу мен сақтауға және басқа да қылмыстық құқық бұзушылықтар болған.

Сонымен қатар, Түркістан облысы ПД Экстремизмге қарсы іс-қимыл басқармасының қызметкерлері дәстүрлі емес діни ағымдарды насихаттаумен айналысатын адамдарды ұстау бойынша бірқатар арнайы операциялар жүргізді. Тінту кезінде күдіктілерден ұялы телефондар, діни мазмұндағы баспа әдебиеті және компьютерлік техника тәркіленді.

Баланың мінез-құлқының ғана емес, сырт келбетінің де өзгере бастауына көңіл аударып отыру қажет. Діни мағынадағы жаңа сөздер айта бастаса назар аударған жөн. Негізі, мағынасы жаман болмаса да, бір сөздерді жиі қайталаса, аса жақсы емес. Сақал өсіріп, шалбарының балағын шолттытып, қара киім киюге әуестене бастауы мүмкін. Дәстүрлі Ислам діні мен қазақтың ұлттық дағдысына сай, мінәжаттан соң немесе ас қайығанда бет сипамай қояды. «Теледидар көру - харам іс, яғни күнә; қазіргі оқу мекемелерінде (жалпы білім беретін, орта және жоғары оқу орындарында) оқуға болмайды, олар кәпірдің оқуы» деген сияқты әңгімелер айта бастайды. Мұның бәрі баланың жақындары үшін белгі болуы керек: бұл оның «мен радикал болып барам, ұлттық, моральдық, діни дәстүрлер енді маған жат!» деген жаңа көзқарасының айғақтары. Ал осының бәріне себеп - оның жақындары да дәстүрлі діннің негіздерінен бейхабар. Радикалдық экстремистік ағымдарға керек де осы. Абайдың мұрасын білмеу, қазақтың алғашқы ұстазы Ыбырай Алтынсаринді, діни сенім мәселесінде Мәшһүр Жүсіп Көпеевті, Шәкәрім Құдайбердиевті, Міржақып Дулатовты, тағы да сол секілді ұлтымыздың ұлы тұлғаларын танымау, өз халқының ұлттық діни-мәдени құндылықтарын білмеудің ақыры осындай қастерке апарып ұрындырады. «Білімдіге дүние жарық, білімсіздің күні кәріп» деген сол. Басқа жол жоқ. Қазақтың маңдайалды зиялылары да білген негізгі діни қағидаларды білуіміз керек, олай болмайды екен, балаларымыз ертең діни мәңгүртке айналады. Сондықтан, ата-аналар өз балаларының қандай діни ақпаратты қайдан және кімнен алып жүргенін байқауы керек. Олар ақпаратты ғаламтордан немесе баспа өнімі түрінде (кітаптар, шағын кітапшалар, газет-журналдар, т.б.) алуы мүмкін.

**Медет ХАЛЫҚОВ,**  
Түркістан облысының дін істері басқармасының «Дін мәселелері зерттеу орталығы» КММ директорының орынбасары.

## Хабарландыру

Аудандық қоғамдық кеңестің кезекті отырысы 2022 жылы 21 қаңтар күні сағат 11-0-де аудан әкімдігінің кіші мәжіліс залында өтеді.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 5 ақпандағы №190 Жарлығының 2 тармағына сәйкес күн тәртібіне төмендегі мәселелер ұсынылады:

1. Аудан әкімінің 2021 жылғы атқарған жұмыстары туралы қорытынды есебі.

2. Өзге де мәселелер.

Қоғамдық кеңес мүшелерін тіркеу аудан әкімдігінің кіші мәжіліс залында сағат 10-00-ден бастап жүргізіледі.

**Қ.ЕСПЕНБЕТОВ,**

**Аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы.**

## Хабарландыру!

Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі 2019-2020 жылға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуда Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы С.Қо-жанов №13 мекен-жайында, 2022 жылдың қаңтар айының 24 жұлдызында «Ашық есік күні» өтетіндігі туралы хабарлаймыз.

**Созақ аудандық СЭББ.**

## Сыбайлас жемқорлық қоғам дерті

Сыбайлас жемқорлық заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимылды барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың жұмыстарының жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттілігінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті. Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың деңдеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдете түседі. Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі – ол азаматтардың арыз-шағымы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

**Е.ТӨРЕБЕКОВ,**

**Созақ аудандық СЭББ бөлім басшысы.**

## Сенім телефоны

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің «Әдеп» кодексінә сәйкес мемлекеттік қызмет этикасы мен Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заң талаптарын бұзған жағдайда Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасына 4-20-88 сенім телефонына хабарласуларыңызға болады.

**Созақ аудандық СЭББ.**

Созақ аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімі мен білім қызметкерлерінің аудандық кәсіподағы ұжымы Созақ аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің есепшілері Жантілесова Гүлмира мен Жантілесова Эсмираға сіңілілері

**Лаураның**

қайтыс болуына байланысты қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

## Эхинококкоз ауруы дегеніміз не?

Эхинокок – таспа құрттың бір түрі. Денесі 3-4 буыннан тұрады, ұзындығы 2-6 мм. Бір камералы, дамуы жетілген Эхинококкоз–іші сұйыққа толы, сырты қабықты көпіршік. Таспа түріндегі сатысы кейбір етқоректі және жыртқыш сүтқоректілердің ащы ішегінде дамиды. Эхинококктың дернәсілі адамның, сүтқоректілердің (аралық иесі – қой, ешкі, сиыр, солтүстік бұғысы, ит, мысық, үй қояны, тышқандар) әр түрлі ішкі органдарында (көбінесе бауыр, өкпе, бүйрек, талақ) паразитті тіршілік етеді.

Ересек эхинококкоз (ұзындығы 0,5 см-дай) ит организмне түскеннен кейін 45-95 тәулік өткесін бірнеше бөлікке бөлінеді. Сыртқы ортаға шыққан бұл бөліктерден жұмыртқа пайда болады да, олар шөпті, топырақты, мал түгін, суды, т.б. ластайды. Жылдың ылғалды кезеңдерінде (күзде, қыста, көктемде) 3 айға дейін тіршілік қабілетін жоймайды.

Ауру қоздырғышы негізінен иттен, аздап қасқыр, шибөрі, түлкіден тарайды. Итке ауырып өлген мал өлекесін не ішек-қарын қалдықтарын жегенде жұғады. Адамға иттен

жұғады. Адам ішегіне түскен эхинококк жұмыртқасы қан тамырына өтіп, одан қан арқылы бауырды, өкпені, т.б. ішкі органдарды зақымдайды. Адам эхинококкозбен ауырғанда әр түрлі белгілер байқалады. Мысалы, бауырды зақымдаса, адамның оң жақ бүйірі ауырып, әлсіздік, эхинококк өкпеге түссе, адам ентігіп, жөтеледі, түкірігінде қан пайда болады.

Алдын алу шаралары: тазалық сақтау, қайнамаған су, сүт ішпеу және үй жануарлары мен құстарды жылда тексеріп тұру. Ауру таратушы иттерді бұл аурудан сақтандыру жолдары қиын емес. Ол үшін өлген малдардың етін, үйде сойылған малдардың құрт ұясы орналасқан ағза мүшелерін, өкпе, бауырларын ит, мысықтарға жегізбей терең шұңқырларға көміп немесе өртеп жіберген дұрыс. Асыранды иттерді аулада байлап ұстау, нәжістерін өртеп жіберу, жыл сайын мал дәрігерлеріне тексеріп тұру, паразитке қарсы дәрі беру арқылы құрттардан тазартып тұру керек.

Құтыру - вирустық ауру, адамдар мен жануарлардың орталық жүйке жүйесін зақымдайтын және өлімге әкеп соғатын қауіпті аурулардың бірі.

Қазіргі уақытта құтыру денсаулық саласында, сондай-ақ ветеринария саласында да басты мәселе болып қалуда. Оның эпидемиологиялық маңызы - даусыз өлімге әкеліп соқтыруымен, барлық жерде таралуымен,

қасқырлар және басқалармен) жұғады.

Жануарлардың құтырмамен ауруының себептері сан алуан, бірақ ең басты назар аударатыны - жануарлардың іс-әрекеттерінің өзгеруі. Иттер жеуге жарамайтын тас, ағаш, әйнек сияқты заттарды шайнай бастайды. Жануарларда жағының асты салбырайды, сілекей бөлуінің көбеюі басталады және олар адамдар мен жануар-

10 күн ветеринариялық бақылаудан кейін анықтамамен 3 екемен (дәрігерге көрінген күні антирабикалық вакцинаның 1-ші туры 0 күндігі, 3-ші күні 2-ші туры және 7-ші күні 3-ші туры салынады) тоқтатылады.

Уақытында жүргізілген егу ғана аурудың дамуының алдын-алады. Бұл дамудың алдын алудағы ең бірден-бір құралы.

Егер де жануарлар тістеп

## Құтыру ауруынан сақтанайық!

аурудың жануарлар арасындағы тікелей байланысымен, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейімен және халық арасындағы антирабикалық көмек көрсетуімен анықталады. Кейінгі жылдары дала тағыларының тым көбейіп кетуімен үй жануарлары арасында әсіресе жылқыға қырғидай тиюде бұл көріністер халық арасында эпидемиологиялық жағдайды күрделендіруде.

Құтыру адамға үй және жабайы жануарлар, ет қоректілермен тығыз байланыста болуы нәтижесінде сілекеймен немесе тістегенде және жаралаған кезде (иттер, мысықтар, түлкілер,

ларға жүгіріп, қатты тістейді. Адамдар мен жануарлардың құтырмамен ауруы өлімге әкеп соқтырады.

Иттер мен мысықтарды құтырмаға сәл ғана күмәнді себептер байқалса, ветеринарлық дәрігерге қаралуды есте сақтау қажет. Күдікті жануарлардың иелері өз бетімен көмек көрсетуге жол бермеу қажет, өйткені ол өте қауіпті.

Егер адамды жануарлар тістеп алған жағдайда тез арада дәрігерге қаралып, құтырмаға қарсы егу курсы жүргізу мәселесін шешу қажет. Кезекті екепелер 0 күннен 90-шы күн аралығында салынады 6 турдан тұрады. Қапқан ит белгілі болса,

алған немесе зақымданған денеге сілекейі жұққан жағдайда тез арада (жараны сабынды сумен шая отырып, шеттерін спиртпен және йод тұнбасымен өңделеді) жақын маңдағы медициналық мекемеге бару қажет. Ауру дамуының алдын алуға тек қана егу көмектеседі. Адамдарға құтыру ауруына қарсы екепелер тегін жасалады!

Өз денсаулықтарыңыз өздеріңіздің қолдарыңызда екенін ұмытпаңыздар!

**Қ.АҚҚУЛИЕВ,**

**Созақ аудандық СЭББ эпидемиологиялық бақылау және қадағалау бөлімінің бөлім басшысы.**

## Пешті қолдану кезіндегі қауіпсіздік шаралары

Әдетте, күн суытып, жылыту маусымы басталған кезде электр жылыту құралдары мен пештердің ақаулығы немесе оларды орнату және пайдаланудағы өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзушылық салдарынан орын алатын өрттердің саны күрт өседі.

Тілсіз жаудың алдын аламын десеңіз, келесі қауіпсіздік қағидаларын сақтаңыз. Жылу беру маусымы басталар алдында пештер тексеріліп, жөнделу керек.

Жарамсыз пештер мен басқа да ақаулығы бар от жағу құралдарын пайдалануға болмайды. Жеке меншік үйлерде жылыту кезеңінің алдында және 3 ай сайын түтіндіктер мен мұражаларды күйеден тазарту жұмыстарын жүргізу қажет.

Пештің алдындағы еденге көлемі 50x70 см қаңылтыр қағылмаған жағдайда пештің есігін ашып, оны жағуға болмайды. Пештерді қатты қыздыруға және қатты отынмен жағылатын пештерді жағу үшін бензин, керосин, басқа да тез жанатын сұйықтарды пайдалануға болмайды.

Пеште от жағу кезінде тыйым салынады: от жанып жатқан пешті қарусыз қалдыруға, сонымен қатар кішкентай балаларға қарауды тапсыруға. Отынды, басқа жанғыш заттар мен ма-

териалдарды оттық алдындағы қаңылтырға қоюға. Пешті шамадан тыс қыздыруға жол берілмейді.

Егер сіз электр жылыту пешін пайдалансаңыз, мына қағидаларды білуіңіз қажет: электр жылытқыштар тек зауытта жасалған болуы қажет. Электр жылытқыштарды жанғыш заттармен жабуға, олардың үстіне кір келтіруге болмайды, қосылған құралдарды үнемі бақылау қажет, үйден кеткен кезде оларды міндетті түрде өшіру керек.

Уақытша металл пештерді орнатқанда келесі өрт қауіпсіздігі талаптары сақталу керек: металл пештердің аяқтарының ұзындығы 0,2 м аз болмау керек.

Айтылған ережелер жеңіл және оңай іске асырылады. Осыларды бұлжытпай орындау Сіздің үйіңізді оттан, жан-жаңызды, туысқандарыңызды және жақын адамдардың өмірі мен денсаулықтарын сақтайды.

**С.СЕЙДАХМЕТОВ,**

**Созақ ауданындағы №11 өрт сөндіру бөлімінің бастығы м.у.а азаматтық қорғау лейтенанты.**

Асылбекова Марзия Пәзілқызы педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану кафедрасының профессоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Әлеуметтік ғылымдар факультеті, Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану кафедрасының меңгерушісі, Қазақстан педагогикалық ғылымдар академиясының корреспондент мүшесі, «ЖОО үздік оқытушысы-2018» мемлекеттік грант иегері.

Асылбекова Марзия Пәзілқызы 1971 жылы 29 желтоқсанда Шымкент облысы, Созақ ауданы Созақ ауылында дүниеге келген. Созақ ауылындағы №2 Ленин атындағы орта мектепті 1989 жылы бітірген. Ал, 1995 жылы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының «Педагогика және психология» мамандығын үздік дипломмен аяқтаған. 2008 жылы «Халық педагогикасы негізінде балалар үйіндегі тәрбиеленушілердің тұлғасын қалыптастыру» тақырыбында жалпы педагогика, педа-



гогикалық негіздері», «Scientific bases of formation of communicative competence of the future specialist», монографиялар, «Әлеуметтік педагогика», «Social Pedagogy» оқулықтар, «Жетім балалар психологиясы», «Балалар психологиясы», «Балалар үйіндегі оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру әдістемесі» оқу-әдістемелік құралы, «Болашақ мамандарды жетім балалармен жұмысқа кәсіптік даярлау тәжірибемдасы», «Әлеуметтік психология», «Балалар үйіндегі инновациялық технологиялар», «Жетім балалармен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс технологиясы» оқу құралдары құнды еңбектер әзірленді.

М.П.Асылбекованың ғылыми жетекшілігімен «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы бойынша 4 PhD докторанттардың Оспанова Б.К., Отарова Т.Н., Батанасова Б.Е., Касымбекованың ғылыми-зерттеу жұмысы орындалуда және 2009-2021 жылдар аралығында 12-ге жуық магистранттар ғылыми өзекті тақырыптарда магистрлік диссертацияларын сәтті қорғады. Рес-

## Созақ қызы қазақ ғылымын дамытуда

гогика, білім тарихы және этнопедагогика мамандығы бойынша кандидаттық диссертация қорғаған.

Мәрзия педагогикалық еңбек жолын 1995 жылдан бастаған, педагогикалық еңбек өтілі - 26 жыл. ЖОО еңбек тілі - 16 жыл. «Үміт» балалар үйінде тәрбиеші, әдіскер, «Кайнар» университетінің оқытушысы. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде оқытушы, аға оқытушы, доцент, әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану кафедрасының профессоры және 2021 жылдың қыркүйек айынан бастап әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарады.

Марзия Асылбекова 2013-2020 жылдар аралығында әлеуметтік ғылымдар факультеті Кеңесінің мүшесі, Шаңқай ынтымақтастық ұйымдар университеттерінің «Педагогика» бағыты бойынша кафедраның М.Ақмулла атындағы БМПУ және Ресей халықтар достастығы университетімен бірлескен «Педагогика және психология» және Астрахан мемлекеттік университетімен бірлескен «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану», сонымен қатар бакалавриат деңгейінде М.Ақмулла атындағы Башқұрт мемлекеттік педагогикалық университетімен бірлескен «Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту» қос дипломдық білім беру бағдарламасын құрастырушы және жүзеге асырушы білікті маман.

Зерттеу тақырыбы бойынша М.П. Асылбекованың 130-дан аса ғылыми,

ғылыми-әдістемелік еңбектің авторы, оның ішінде 3 Scopus базасында Cite Score бойынша процентиль бар ғылыми мақала, 5 монография, 2 тәжірибемдас, 2 оқулық және 8 оқу құралы және оқу-әдістемелік құралдары және 2- Хирша индексі бар. Психология және педагогика ғылымдары дамуының теориясы мен тәжірибесінің өзекті мәселелері бойынша Австрия, Германия, Чехия, Польша, Түркия, Малазия, Болгария, Дубай (ОАЭ), Ресей мемлекеттерінің ЖОО-да өткен халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда және ғылыми басылымдарда жарияланған мақалалары ғылыми-практикалық деңгейі жоғары құнды еңбектер болып табылады.

Мәрзия Пәзілқызы «Жетім балалармен жұмыс істеу үшін мамандарды даярлауда инновациялық технологияларды қолданудың ғылыми-әдістемелік негіздері» ғылыми жобасының жетекшісі. 2) «Мектепке дейінгі білім беруді жетілдіру жағдайында мамандарды дайындаудың ғылыми-әдістемелік негіздері» ғылыми жобасын орындаушысы. 3) «Қазақстанның үшінші жаңғыруы контекстінде андрагогикалық білімнің әдіснамасын жасау» атты ғылыми жобаның аға ғылыми қызметкері болды.

Сонымен қатар, «Жетім балалармен жұмыс жасайтын мамандар даярлауда инновациялық технологияларды пайдаланудың ғылыми-әдістемелік негіздері», «Болашақ маманның коммуникативті құзіреттілігін қалыптастырудың ғылыми

публикалық деңгейдегі студенттердің ғылыми жобаларына жетекшілік жасап, бірнеше үздік жобаларды дайындаған және жыл сайын өткізілетін педагогика ғылымдары бойынша магистранттардың республикалық олимпиадасына дайындап, магистранттар үздік орындарға ие болуда.

Мәрзия Асылбекованың ғылыми және оқытушылық жұмысы жоғары білім беру жүйесінің алдында тұрған өзекті міндеттерді шешуге бағытталған, әрі ғылым мен техниканың дамуына өз үлесін қосқан жауапкершілігі жоғары, ізденімпаз, ғылыми-зерттеу жұмыстар мен ғылыми жобаларға сараптама жасауға толық кәсіби ақпараттық-коммуникативтік және трансверсалды құзыреттілігі қалыптасқан, білімі мен біліктілігі, цифрлық сауаттылығы жоғары, ғылыми шағармашыл, жауапкершілікті сезіне білетін ғалым ретінде танылды. М.П.Асылбекова қызмет бабында да тапсырылған жұмыстарды аса жауапкершілікпен орындайтын, әр іске шығармашылық тұрғысынан жедел шешім таба білетін, ұйымдастырушылық қасиеттері жоғары қызметкер ретінде көрінді.

Теріскей өңірінде дүниеге келіп, қазақ елінің педагогика ғылымына шексіз үлес қосып жүрген осындай ардақты ана, аяулы жар, асыл келін, ару қыздарымызбен мақтана аламыз.

**Мақсат ЖЕҢІСҰЛЫ.**

## БЖЗҚ-ның 1 желтоқсандағы негізгі көрсеткіштері

Жыл басынан бері инвестициялық табыс түскен журналар сомасынан асып түсті. 2021 жылдың 1 желтоқсанындағы жағдай бойынша, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшыларының шоттарында 13,4 триллион теңгеден астам зейнетақы жинақтары қалыптасты. 01.12.2020ж. мен 01.12.2021ж. аралығындағы бір жыл ішінде зейнетақы жинақтарының сомасы 648,8 миллиард теңгеге немесе 5% өсті, ал 2021 жылдың қаңтар айынан

бері 455 млрд теңгеге немесе 4 пайызға өсті.

Зейнетақы жинақтарының негізгі сомасы міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) есебінен жинақталды, оның мөлшері 13,0 трлн теңге (соңғы 12 айдағы өсім – 5%). Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) бойынша зейнетақы жинақтарының сомасы 361,8 млрд теңге (өсім – 17%), ал ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) бойынша зейнетақы жинақтарының сомасы 1,7 млрд теңгеге жетті.

Жыл басынан бері БЖЗҚ салымшыларына шамамен 2,4 трлн теңге төленді, төлемдердің басым бөлігін тұрғын үй жағдайын жақсарту мен емделу ақысын төлеу мақсатында алынған бір-жолғы зейнетақы төлемдері (БЗТ) құрады, оның көлемі – 2,1 трлн теңге. Жасы бойынша төлемдер – 89,2 млрд теңге. Сақтандыру ұйымдарына аударымдар 54,1 млрд теңгені құраса, мұрагерлік бойынша төлемдер – 52,5 млрд теңге, ҚР шегінен тыс

ТТЖ кетуге байланысты төлемдер – 37,5 млрд теңге, жерлеуге – 5,0 млрд теңге және мүгедектік бойынша төлемдер 2,0 млрд теңге.

Айта кетерлік жәйт, кесте бойынша БЖЗҚ-дан төленетін ай сайынғы орташа төлем сомасы (зейнет жасына толуына байланысты) 28 431 теңге, ал ай сайынғы төлемнің ең жоғары сомасы 673 643 теңге болды.

**«Созақ үні»-ақпарат.**

## Сүйінші! Жаңа кітаптар жарыққа шықты

Жаңа жыл қарсаңында Шымкент қаласындағы баспадан басылып шыққан, жергілікті қарт ұстаз, еңбек және тыл ардагері, аудандық басылымның бірнеше

**ЕЛТАЙ ЕСТАНОВ**



жылдар штаттан тыс тілшісі болған Елтай Естанұлының «Күмістінің перзенті» атты кітабы оқырмандарымен қауышты. Туған жері, еңбек адамдары, кешегі шаруашылық құрылған жылдардағы ауыл өмірі, елге елеулі қызмет еткен аға буынның бейнетті жолдары туралы жазылған кітабы оқырман қауымының көзайымына айналады деген сенімдемиз. Қаратау ауылындағы қарт ұстаздың шаңырағында ауыл қариялары мен ардагер ұстаздардың, ағайындарының қатысуымен кітаптың шағын тұсаукесері болды. Кітаптың тұсаукесерінде сексеннің сеңгірмен шыққан ауылдың қадірменді қарты, Еңбек Қызыл Ту орденінің иегері, Созақ ауданының Құрметті азаматы Өзбек Асқарбаев, ұстаз Іргебай Омаров және тағы басқа да көптеген азаматтар жылы пікірлерін білдіріп, кітап авторына шығармашылық табыстар тіледі. Сіздердің де қолдарыңызға тигелі отырған кітапта сондай-ақ замандастар, өмір тынысы, тіршілік, сағыныштар мен қауышулар, ескі күндер естеліктерін арқау еткен. Ендеше жаңа кітап құтты болсын!

**«Созақ үні»-ақпарат.**

### Оқырманнан кешірім сұраймыз!

Аудандық «Созақ үні» газетінің 2021 жылғы 25 желтоқсан күнгі № 97 санында жарияланған «Басбұлақтық башқұрт бауырлар» атты мақалада кейбір дәйексіз жазылған жайлар туралы Зейтуна Хамзақұзынан кешірім сұраймыз.

Сенімгерлік басқарушы:

**"Agro-sozak" ЖШС**

Меншік иесі-

**"Созақ үні" газеті редакциясы"**  
жауапкершілігі шектеулі  
серіктестігі

Директор:

**Абилпаттаев Ержан  
БАКЫТЖАНОВИЧ**

Бас редактор:  
**Теңізбаев Сәрсенбек  
САЙЛАУБЕКҰЛЫ**

Жауапты хатшы:  
**Мақсат Қарғабай**  
Редакция құрамы-

Аға тілші-  
**Нұржамал МАЙУСОВА**  
Тілшілер-  
**Данияр БЕКОВ**  
**Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ**  
**Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ**  
Дизайнер-  
**Асхан БАҚТЫБАЕВ**  
Терішші-  
**Бағила АЯЗБАЕВА**

Қолжазбалар өңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен өкі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады  
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі, Байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №  
таралымы -  
4000 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.